



161100 Ленгір қаласы,
Төлеби көшесі, ғимарат 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

161100 город Ленгер,
улица Толлеби, здание 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 56- ж/к

ПРИКАЗ

2023 жылғы 01 қыркүйек

« Мектепте 2023 - 2024 оқу жылының басталуы туралы »

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6- бабының 1 – тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрілігінің 2023 жылғы 29 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023 – 2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезендерін айқындау туралы» (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №01 – 2 – 15/5174 - И болып тіркелген) бұйрығына, Түркістан облысының білім басқармасының 2023 жылғы 31 тамыздағы №40 – 01 – 04/6669 әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатында оқу процессін ұйымдастыруда «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен (63, 67 қосымшалары); «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген мектептердің типтік оқу жоспары басшылыққа алынсын.

2. 2023 – 2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек ;

3. Оқу жылының ұзақтығы 7-11 сыныптарда - 34 оқу аптаны құрайды.

Оқу жылы барысында каникулдар:

- күздік каникул – 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);
- қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап - 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
- көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап - 31 наурызды қоса алған аралықта);

4. Педагогтерге жұмыс уақыттарын ұйымдастыруда «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығын басшылыққа алу ұсынылады.

**Мектеп – интернат директорының
міндетін уақытша атқарушы:**

М.Абдеев





161100 Ленгір қаласы,
Төлеби көшесі, ғимарат 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

161100 город Ленгер,
улица Толеби, здание 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 43 - н/қ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 04 мамыр

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернаты оқушыларының қорытынды аттестаттауын өткізу және 2023 – 2024 оқу жылын аяқтау жөнінде

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы « Орта білім беру ұйымдарында 2023 – 2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №304 бұйырығын, Түркістан облысының білім басқармасының 2024 жылғы 04 мамырдағы №166 бұйырығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатында оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамыр күні аяқталсын.
2. 2024 жылғы 24 мамыр күні мектепте 7 – 11 сыныптарда 2023 – 2024 оқу жылының аяқталуына арналған сынып сағаты ұйымдастырылсын.
3. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) 9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;
 - 2) 11 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.
4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 -сынып оқушылары үшін:
 - 1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;
 - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;
 - 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 6 маусым;
 - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;
 - 11 -сынып оқушылары үшін:
 - 1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;
 - 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

